Государственный заказ. Вопросы и ответы | 10 казан 2016

Государственный ЗАКАЗ
Вопросы и ответы

ӨНІМ БЕРУШІ

Өнім беруші құжаттардың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, өзінің қолда бар еңбек ресурстары туралы мәліметтерді көрсетуі тиіс пе?

Күрделі жөндеуді техникалық қадағалау бойынша конкурсты өткізу кезінде біз өнім берушілердің өз сарапшыларымен еңбек келісімдерін (шарттарын) қоса тіркемегені туралы ескертуді көрсетуге тиіспіз бе?

Ш. Төлешова, мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңгер

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасына — «Біліктілігі туралы мәліметтер (жұмыстар бойынша)» сәйкес, «Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелері қоса берілген, еңбек ресурстары туралы мәліметтер» делінген 4-тармақта әлеуетті өнім беруші білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, өзінің қолда бар еңбек ресурстары туралы мәліметтерді көрсетеді.

Бұл ретте қосымшада, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті, делінген сілтеме бар. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге-де болады.

Осылайша, егер сіз конкурстық құжаттамада еңбек шарттарын ұсыну кезінде растаушы құжат ретінде белгілі бір мамандықтар бойынша еңбек ресурстарының бар болуын сұраған болсаңыз, бұл талап сіздің тарапыңыздан негізді болып табылады.

Осылайша, егер сіз конкурстық құжаттамада еңбек шарттарын ұсыну кезінде растаушы құжат ретінде белгілі бір мамандықтар бойынша еңбек ресурстарының бар болуын сұраған болсаңыз, бұл талап сіздің тарапыңыздан негізді болып табылады.

Бұдан басқа, әлеуетті өнім беруші онда еңбек ресурстарының (жеке куәлігі, дипломдар және т. б.) бар екені туралы растаушы құжаттарды қоса тіркеуге міндетті.

С. С. Мұхаметжанова

Әлеуетті өнім беруші біліктілігі туралы мәліметте техниканы жалға алу ниет шартын қоса берген. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің жалға алу шартын емес, техниканы жалға алу ниет шартын қоса бергеніне сілтеме жасай отырып, оның өтінімін қабылдамауына бола ма?

Е. Сүлейменов, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман

Бұл жағдайда, сіз өтінімді конкурстық құжаттамада жазған талаптарды ғана ескере отырып қабылдамауға құқылысыз. Бұдан басқа, аталған ниет шартында көрсетілген

жалға алу мерзімдері шартты орындау мерзімдерімен сәйкес келе ме? Жалға берушіде конкурстық құжаттамада жазылған шарт міндеттемелерін орындауға қажетті техника бар ма?

Егер жоғарыда аталған тармақтар конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, ниет шартын техниканы жалға алу шартын жасасудың кепілдік міндеттемесі деп санауға болады.

Әлеуетті өнім берушінің құзыреттілігіне күмән туындаған жағдайда, бұны алдын ала рұқсат беру хаттамасында ескерту түрінде көрсетуге болады, ол негізгі рұқсат берудің екінші кезеңінде бар екендігін дәлелдеуі тиіс.

С. С. Мұхаметжанова

АҚПАРАТ

«Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 246 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 412 бұйрығы

Қағида кедендік транзиттің кедендік рәсімдері негізінде орналастырылған тауарларға кедендік тазартуды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

Бұйрықтың толық нұсқасын мемлекеттік сатып алу бойынша «ACTUALIS» ЭЖ-інен оқисыздар: vip-gz.mcfr.kz